

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Философия және саясаттану факультеті
Факультет философии и политологии
Faculty of Philosophy and Political Science



II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2015 жыл, 7-17 сәуір

Қазақстан халықтар Ассамблеясының 20 жылдығына арналған
«ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДЕГІ ЖАСТАР» атты
студенттер мен жас ғалымдардың

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

халықаралық ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

I ТОМ

Алматы, Қазақстан, 2015 жыл, 13-17 сәуір



II МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 7-17 апреля 2015 года

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

«МОЛОДЕЖЬ В НАУКЕ И ОБРАЗОВАНИИ»,
посвященной 20-летию Ассамблеи народа Казахстана

Алматы, Казахстан, 13-17 апреля 2015 года

Том I



II INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 7-17 April, 2015

MATERIALS

International Scientific Conference of Students
and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

«THE ROLE OF YOUTH IN EDUCATION AND SCIENCE»
is dedicated to the 20th

Anniversary of the Assembly of people of Kazakhstan

Almaty, Kazakhstan, 13-17 April, 2015

Volume I

возобновляемых ресурсов, как в валовом, так и в подушном выражении, и их нехватка могут возникнуть во многих частях мира, даже если допустить, что экологические условия останутся неизменными.

Автор книги «Зеленая социальная работа» Лина Доминелли в своих исследованиях отмечает роль социальной работы и предоставлении социальных услуг в случаях экологических кризисов, преодоления бедности и других форм структурных неравенств, которые имеют отрицательное влияние на качество жизни человечества и маргинальных групп населения на местном уровне. Исследования актуальны в таких областях наук как социальная работа, социальная психология и экономическая география. Действительно, решение экологических вопросов является неотъемлемой частью компетенции социальных наук. Немаловажным является активное участие в жизнедеятельности социальных наук для сохранения статуса и значимости в социальных науках двадцать первом веке [4].

Социальные процессы протекают с многочисленными вариациями во времени и в пространстве различных регионах и культурах. Они оказывают воздействие на экологические условия и в свою очередь испытывают на себе их влияние. Антропогенные факторы являются ключевой движущей силой в этих сложных комплексах взаимосвязей и оказывают свое непосредственное воздействие на процесс глобальных изменений.

Послание Президента Н.Назарбаева народу Казахстана имеет несколько бесспорных преимуществ. Этот документ направлен на прагматическое решение новых проблем, на решение социальных элементов общественной схемы, с гарантированием рабочих мест, образованием спокойного будущего, в особенности для молодого поколения. Нурсултан Назарбаев завершает Послание народу Казахстана самыми важными аспектами мира – «семейное благополучие, безопасность, крыша над головой. Мир – это радость отцовства и материнства, здоровье родителей, счастье наших детей. Мир – это стабильная работа, зарплата и уверенность в завтрашнем дне. Мир – это стабильность – это общенародное достояние, которое нужно ежедневным трудом защищать и укреплять». Это все жизненные реалии, которые могут гарантировать конкретные меры предложенные казахстанским президентом, а это – залог стабильного будущего.

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Нурлы Жол – путь в будущее» (г.Астана, 11 ноября 2014 года)
2. Повестка дня на XXI век. Конференция ООН по окружающей среде и развитию в Рио-де-Жанейро. Глава 11. Цели в целях устойчивого развития. 1992. Электронный ресурс http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/riodecl.shtml
3. Еркаева Н.Ф., Ган О.Ф., Дымова Ю.А. Базовые принципы Устойчивого развития и преодоление социального неравенства в добывающих регионах. Методическое руководство. – Караганда, ОО «ЭкоЦентр», ОО «Образование и развитие», 2009 г. – 26 с.
4. Dominelli L. Green Social Work: From Environmental Crises to Environmental Justice. – USA, Polity press, 2011

Сәбіханов Е.С.,

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығы 3 курс
Ғылыми жетекші: **Сарыбаева И.С.** соц.ғ.к.

МЕМЛЕКЕТ – ОТБАСЫДАН БАСТАЛАДЫ

Отбасы әр адамның өмірінде, қоғам мен мемлекетте ерекше маңызды орын алатыны бәрімізге мәлім. Өйткені отбасы әр адам үшін махаббат пен қолдаудың сарқылмас бұлағы болып табылады. Мықты, әрі берік отбасы – кез келген қоғамның дамуына, оның тұрақты болуына кепілдік береді.

Отбасы – қоғамның маңызды әлеуметтік институты, оның құрамындағы адамды репродуктивті қызмет атқаратын қоғамның мүшесі ретінде қарастырады. Отбасы әлеуметтік институты ер адам адам қоғамның қалыпташуымен бірге пайда болды. Отбасының дербестігі болғанымен, отбасы қатынастар қоғам мен оның дамуымен тікелей байланысты.

Отбасы – кіші әлеуметтік топ, ал оның мүшелері некемен немесе қаны бар туыстықпен тұрмыстық ортақтығымен және өзара адамгершілік жауапкершілікпен байланысты. Отбасы қоғамның бастапқы ұясы, қоғамның әлеуметтік құрылымының негізі болып табылады.

Ер мен әйел – отбасының екі ірге тасы, бұл іргетас үйленумен құрылады. Отбасында адам ұрпақ жалғастырады. Сонымен қатар қоғамның қартайған, еңбекке жарамсыз мүшелеріне қамқорлық та осында іске асырылады. Отбасы тұрмыстық қатынасты қалыптастырудың да алғашқы ұясының бірі.

Қоғамның тұрақты болуына, дамуына отбасының тигізетін әсері зор. Өзінің табиғаты бойынша отбасы ортамыздағы түбегейлі мәселелерді шешуге көмектеседі – депопуляцияның азаюына, балалардың

менің менің, мәдениет, экономика мен отбасылық кәсіпкерліктің дамуына айтарлықтай ықпалын тудырады.

Отбасы тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік құбылыс, себебі формасы өндірістік қатынастарға байланысты өзгереді. Мәселен, некелік қатынастардың алғашқы тарихи формасы полигамия, ал өндіріс қатынастарына жеке меншіктің пайда болуына байланысты ол моногамиялық отбасымен ауысады.

Отбасы некеге карағанда күрделі жүйе, себебі ол жұбайларды ғана емес, олардың балаларын, туыстарын да біріктіреді. Социологтардың пікірінше, отбасы және оны сақтау халықтың экономикалық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруы жүзеге асады. Отбасының негізін тастайтын неке – ол ерікті де тең болуы керек, күштеп немесе тәуелділіктің салдарынан құрылуға болмайды. Отбасы әртүрлі жыныстар арасындағы жұбайлық қатынас болғандықтан, эстетикалық, адамдық-эстетикалық қатынасқа негізделуі керек, жұбайлардың сүйіспеншіліктен қанағаттануы материалдық есепке негізделмеуі тиіс. Отбасының қоғамдық құндылығы тек меншікке, өмірлік мүддеде негізделмеуі қажет, ол жеке адамдардың рухани қалыптасуы, дамуына байланысты болуы қажет.

Отбасы жеке қоғаммен санкцияланған, жыныстық қатынастардың әлеуметтік және тұлғалық қалыпты қалыптастырады. Отбасының негізін некелік жұбайлар құрайды, сонымен бірге толық емес, шартты түрде рәсімденбеген отбасылар.

Отбасы тұрақты жүйе. Олардың тұрақтылығынан беріктігі де әр кезде өзгеріп отырады. Оған әлеуметтік құқық, дін, қоғамдық пікір, психологиялық факторлар, әсіресе экономикалық өмір бірлігі. Отбасы да қоғам некелік – отбасылық қатынастардың нығаяуына тікелей ынталы болып, соған үлесін қосады. Отбасы жұбайлардың, ата-ананың қоғам алдындағы жауапкершілігі мен міндетінде дамып, нығая түсуі керек.

Отбасының тұрақты махаббаттың негізін Абай: «Махаббатсыз – дүние бос, хайуанға оны қосындар. Бірақ өмір көркі» – деген. Ол өзінен өзі пайда болмайды, оның мыңдаған қыры мен сыры, өзіндік бақыты мен хош иісі болады.

Отбасы болса, некеге дейінгі қатынастың негізгісі – сүйіспеншілік, махаббат. Онсыз некеге қатынастың бақытсыздыққа кездескен мысалын әр халықтың әр ұлт адамдарының өмірінен кездіруге болады. Тұрмыс құрмағандар – адамдық міндетін орындаудан қашқандар. Адамның адамгершілік қасиетінің борышы мен міндетін тек үйлену арқылы ғана орындай алады. «Ерлі-зайыптылар бастары қосылғанша бір-бірінің мінез-құлқын әдеттерін біліп алмаса, бұл бақытты болуы мүмкін емес», – деген болатын.

Отбасыға түру ер мен әйелдің жауапкершілігін арттыратынын жоғарыда айттық. Соған байланысты жаңа адам келеді. Қоғамның материалдық негізі – экономика, өндіріс, адамның іс-әрекеті мен қимылы. Ол үшін ұрпақ жалғасы үнемі дамып отыруы керек. Демек, некелесіп отбасын құру үшін ұрпақтың дамытудың бірден-бір негізі болып табылады.

Отбасының өмір сүріп, дамуының ерекше жағдайлары да бар. Олар: әлеуметтік, таптық, ұлттық және өмір сүру ортасы, материалдық жағдайы, отбасы мүшелерінің білім дәрежесін сақтайтын тұрақтылық, әрбір жаңа отбасының адамдық динамикалық негізі. Бұлар отбасы мүшелерінің өмірлік міндетін, адамгершілігін, жауапкершілігін сезінуіне байланысты.

Отбасының маңызы оның атқаратын қызметі арқылы анықталады. Екінші сөзбен айтқанда, отбасының мазмұны мен қатынасы тікелей байланысты. Отбасының қызметі деген түсінік оның өмірмен қатынасының жүйесін көрсетеді, сонымен қатар отбасы мен жеке адамның қатынасының өзін көрсетеді. Отбасы адамның бастапқы ұясы, қоғамдық-әлеуметтік құрылымның негізгі элементтерінің бірі бола отырып, көптеген әлеуметтік қызметтерді атқарады.

Отбасының қызметі қоғамдық-тарихи жауапкершілікке, оның мүшелерінің жігерлілігі мен еңбек қабілетіне де тәуелділігі мен қатар отбасының негізгі қызметтеріне тоқталайық. Отбасының бірінші негізгі қызметі ұрпақ жалғастыру қызметі. Бұл барлық тарихи кезеңдерде қоғам үшін де, жеке адам үшін маңызды қызмет болып келеді. Бірақ жұбайлардың балалы болу тілегі, қоғамның қай кезеңінде болса да, оны қанағаттандыратын әлеуметтік жағдайларға сәйкес өзгеріп отырған, қазір де солай.

Отбасының міндеттері мен лидерлік қасиеттеріне байланысты отбасы үш негізгі типтерге бөлінеді: дәстүрлі (патриархалды) отбасы; – дәстүрлі емес (эксплуататорлық) отбасы; – эгалитарлық отбасы (теңгерілген отбасы);

Дәстүрлі отбасыларда бір баспанада кем дегенде үш ұрпақ тұруы тиіс. Бұл типтің мінездемесі: 1) ұрпақтың үйінен экономикалық тәуелділігі; 2) әйел мен еркектердің міндеттерінің білуі; 3) еркектің отбасының басында тұруы.

Дәстүрлі емес отбасыларда: 1) әйел мен еркектің қоғамдық еңбекке бірдей қатысуы; 2) үй ісін тең бөлінуі мен әйел атқарады.

Эгалитарлы отбасының мінездемесі: 1) үй шаруашылығын бірдей бөлінуі; 2) туған мүшелерінің отбасының барлық мүшелерінің келісуімен шешілуі; 3) отбасындағы қатынастардың эмоционалдылығы.

С.П. Дружинин «эгалитарлық отбасы» деген ұғымды «біздің «ешкім де басшы емес, он екеуі ерлі-зайыптының екеуі де билікке теңдей қатысады» дейтін бүгінгі таңдағы отбасылардың түрі. Бірақ мұнда дау-дамай көп болады. Оны дау-жанжалды отбасы деу керек, дейді ол.

Отбасының негізгі функциялары:

Репродуктивтік функция – балаларды өмірге әкелу. Әрине, бұл репродуктивтік функция отбасылық жағдайларда жүзеге асуы мүмкін. Қоғам масштабы мен репродуктивтік халықтыққа, ал саны азаймас үшін жұбайлардың әрқайсысына екі баладан аз емес бала сәйкес келуі керек. Көптеген әйелдер мен еркектер некеге тұрғысы келмегендіктен әр отбасыға үш баладан болғаны дұрыс. Бірақ бұл «қоғамдық қажеттіліктерді» тек кейбір отбасылар ғана орындайды.

Экономикалық-шаруашылық функциясы отбасылық қатынастардың келесі аспектісін қамтиды – шаруашылығын жүргізу, отбасы бюджеті, үй еңбегін бөлу.

Тәрбиелік функциясы баланың тұлға ретінде қалыптасуына негіз болады.

Отбасының рекреационды функциясы- отбасы мүшелерінде психологиялық комфорттың жақсартылуы мен қауіпсіздік сезімін тудыру, отбасының демалысын ұйымдастыру.

Мысалы, дәстүрлі (патриархалдық) отбасы – шаруашылық экономикалық қажеттіліктерді қанағаттандыра алмайтын туындаған. Отбасының қызметі ерлі-зайыптылардың неше баламыз болуы керек деген ерлердің бостандығына тікелей байланысты емес, оның санына шек қоюлуын таңқалу болмайды. 1936 жылғы Кеңес Одағында аборт жасауға тыйым салынды, яғни ерлі-зайыптылардың неше балалы болуы керек деген бостандығына тыйым салынды. Дегенмен, солай болғанда да, қоғам отбасының өмірін қанша жаңа адам әкелу қызметіне әсер етпейді деуге болмайды. Қоғам әртүрлі әлеуметтік саясатты басшылыққа ала отырып, яғни өмірге адам әкелудің экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайларды жасай отырып, ерлі-зайыптылардың өз тілегінен көп немесе аз баласы болуына итермелейді.

Мысалы, Қытайда отбасында бір бала ғана болу саясаты жүргізілді. Бұл тарихи факт. Мүлдем зиянды жағы – отбасында бір баланың болуы ұрпақ жалғасуына, халықтың өсуіне кері әсерін тигізеді. Соның нәтижесінде туу азаяды да, елдің еңбек ресурстарының негізі болатын жұмысқа қабілетті адамдар азайып кетеді. Бірақ халқының саны 1 млрдтан асқан Қытайда шектеулі жер аумағына шамадан артық адам санын орналастыру мүмкіндігінің жоқтығы бала табу мөлшеріне шек қою мәжбүр етті.

Қазір біздің республикамыздағы әртүрлі саяси – экономикалық жағдайларға байланысты орталық және басқа да ұлттардың өкілдері көшіп жатыр, ал олар өндірістің шешуші салаларында қымыл атқаратын. Сондықтан да жаңа ұрпақтың көбеюі, яғни бала тууға ынталандыру көлемді әлеуметтік-саяси-экономикалық проблемаға айналды.

Қазақстан Республикасының табиғи байлығы мол, жаңа зауыттар фабрикалар өмірге келеді, оны білімді адамдар жұмыс істеуі керек. Қандай жаңа техника технология енгізілсе де, оның тетігі адам қолында. Кеңес Одағында екінші дүниежүзілік соғысқа дейін бір әйелге 4,4 баладан келсе, 1990 жылы – 2,2 қалада-1,8, селода-3,3 баладан келді, ал Түрікменстан мен Тәжікстанның селолық жерлерінде 6,5-6,6 баладан келсе, Латвия, Эстонияда бір баладан аспады. Қазір біздің республикада бір отбасына орта есеппен 2,5 баладан келеді. Аз балалы отбасы барған сайын көбейіп барады. 1990 жылғы есеп бойынша туудан өлім көбеюде.

Сондықтан да қоғамның болашағын ойлай отырып, бала тууды ынталандыру, балалы аналардың материалдық жағдайын қазіргіден жақсарту жағын ойластыру керек. Балалар бақшасын жабу, доғарып, қайта оларды көбейту, жағдайын жақсарту болашаққа бүгін жасаған қамқорлық болуы тиіс. Олай болса, ұрпақ жалғастыру әлеуметтік қана емес, саяси-экономикалық та проблема болып табылады.

Сағидолла Г.С.,

әлеуметтану мамандығының 3 курс студенті
Жетекшісі: соц.ғ.к., доцент **Мамытқанов Д.Қ.**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КИНОФИЛЬМ КӨРСЕТІЛІМДЕРІНІҢ ЖАС ШЕКТЕУЛІКТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МЕХАНИЗМДЕРІ

Кино балалардың әлеуметтену процессіне әсер етуші факторлардың бірі болып саналады. Қазіргі таңда кинолар рухани жағынан төмен деңгейде және сол киноларды көріп өсетін балалардың саны деген патриоттық сезімі бірте-бірте жойылуы мүмкін. Жан-жақтаң ағылып жатқан мәліметтерден